



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

БЕКІТЕМІН:

**С. Аманжолов атындағы
ШҚМУ ректоры, профессор
М. Төлеген**

«06» сәуір, 2020 ж.



**Шығыс Қазақстан облысының 9-11 сынып оқушыларына арналған
«Адам бол!» Smart Fest іс-шарасын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ
(республикалық деңгейде қатысумен)**

Өскемен, 2020

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысы мен Қазақстанның басқа да аймақтарының 9–11 сынып оқушыларына арналған «Smart Fest «Адам бол!» іс-шарасының (бұдан әрі – Smart Fest) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық жағын, өткізу мен қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Олимпиада ұйымдастырушысы «С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Рухани жаңғыру және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы» (бұдан әрі – ШҚМУ) болып табылады.

3. Smart Fest мақсаты – дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау көрсету, Қазақстанның мәдени-тарихи мұраларын оқып-үйренуді ынталандыру жолымен азаматтықты, патриотизмді қалыптастыру.

4. Smart Fest-2020-ның негізгі міндеттері:

– ұлы қазақ ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын зерттеуге ынталандыру арқылы жастар арасында «толық адам» (адамгершілік, жауапкершілік, әділдік, жетілдіруге ұмтылу) тұжырымдамасының идеяларын таратуға ықпал ету;

– Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының мазмұнын түсіндіру;

– бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму және сананың ашықтығы ұстанымдарында қалыптасқан азаматтық пен патриоттықты тәрбиелеу;

– оқушылардың Қазақстан халқының мәдениет тарихын, рухани және материалдық мұрасын оқып үйрену аясындағы танымдық және шығармашылық белсенділіктерін жандандыру;

– шығармашылық қабілеттерін және зерттеу қызметіне қызығушылығын анықтау және дамыту;

– әлеуеті жоғары талапкерлердің өңірден кетуін ескерту мақсатында оқушыларды Шығыс Қазақстан облысының алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі – С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-мен таныстыру.

Smart Fest-ті өткізудің жұмыс тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады.

2. Smart Fest-ті ұйымдастыру комитеті

5. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

– Smart Fest дайындығына және өткізілуіне тікелей басшылықты жүзеге асырады;

– Smart Fest-ке қатысу үшін қажетті материалдар мен өтінімдерді қабылдайды;

– Smart Fest қазылар алқасының құрамын қалыптастырады және бекітеді;

– Smart Fest іс-шарасының өткізілуі мен түрлерін анықтайды;

– Smart Fest қорытындысын талдайды және қорытады;

– Smart Fest дайындығын, өткізілуін және нәтижелерін БАҚ-та жариялауды қамтамасыз етеді.

Ұйымдастыру комитетінің заңды мекен-жайы: Өскемен қ., 30-шы Гвардиялық Дивизия, 34 – С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің №1 оқу ғимараты, 335 кабинет. +7 705 145 91 31 (whatsapp) – Савчук Елена Викторовна; +7 778 778 70 72 (whatsapp) – Майра Шуршитбай.

3. Smart Fest қатысушылары

6. Smart Fest-ке Шығыс Қазақстан облысы мен Қазақстанның басқа да аймақтарының 9-11 сынып оқушылары қатыса алады.

4. Smart Fest-ті ұйымдастыру және өткізу тәртібі

7. Байқауға әр мектептен 3 оқушы қатыса алады.

8. Smart Fest-ке (қосымша 1) қатысуға өтінім және сырттай турдың конкурстық материалдары (бейнероликтер) мұғалімнің электрондық мекен-жайынан **2020 жылдың 26 сәуіріне дейін** мына мекен-жайға жіберіледі: elenasavhuk@yandex.ru.

9. **Бірінші кезең** (сырттай). 9-11 сынып оқушылары үшін «Кемел білім берілмей, келісті ұрпақ өспейді» атты бейнероликтер байқауы. Кезең қорытындысы **2020 жылдың 29 - сәуіріне дейін** шығарылады. Жеңімпаздар мен мұғалімдер грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталады. Үздік бейнероликтер ЖОО-ның ресми парақшаларында және әлеуметтік желілерде жарияланады. Қазылар алқасы жұмысының қорытындысы бойынша 2019-2020 оқу жылының түлектерінен және ШҚМУ ректорының грантына үміткер екінші кезеңнің жеңімпаздарынан іріктеледі. Екінші кезеңнен өткен байқауға қатысушыны дайындауды жүзеге асыратын жетекшінің электрондық мекен-жайына шақыру жіберіледі.

10. **Екінші кезең** (қашықтықтан). Іріктеуден өткен қатысушылар үшін онлайн-тур **2020 жылдың 5 мамырында** өтеді. Тіркеуден кейін қатысушыларға қазылар алқасымен жеке әңгімелесу уақыты бекітіліп, zoom.us. платформасында бейнеконференцияға сілтеме жіберіледі.

Екінші кезеңді өткізу кестесі (қашықтықтан):

Уақыты	Іс-шара	Орны / платформа	Қатысушылар
5 мамыр 8.00 – 10.00	Күндізгі турға қатысушыларды тіркеу, жеке әңгімелесу уақытын бекіту	+7 705 145 91 31 (whatsapp) – Савчук Елена Викторовна; +7 778 778 70 72 (whatsapp) – Майра Шуршитбай	ШҚМУ-дан координатор; Байқау іріктеуінен өткен және шақыру алған қатысушылар
5 мамыр с 10.00	Жеке әңгімелесу (ұзақтығы 15 минут)	zoom.us	Қазылар алқасының төрағасы мен мүшелері, ШҚМУ координаторы, іріктеуден өткен және ректор грантына үміткер 11-сынып оқушылары

6 мамыр	Қорытындысын шығару және оларды ШҚМУ-нің ресми сайтында орналастыру (06.04.2020 ж. ақпараттары)	vkgu.kz	
---------	---	---------	--

5. Smart Fest-ті өткізу шарттары

11. Сырттай кезең. 26 сәуірге дейін ұйымдастыру комитетінің мекен – жайына Smart Fest-ке (*1-қосымша*) қатысуға өтінім және **«Кемел білім берілмей, келісті ұрпақ өспейді» тақырыбындағы конкурстық материалдар-бейнеролик беру** қажет. Видеороликтің негізіне өзінің өмірлік стратегиясын айқындап көрсететін оқушының қысқаша сөзін (спич) қою керек, сондай-ақ, өзінің кәсіби дамуы үшін қандай білім алуды қажет етеді, қатысушы неге ШҚМУ-да оқығысы келеді деген сұрақтарға жауап беріледі. Роликтің ұзақтығы-2 минутқа дейін.

Бағалау критерийлері:

- тақырыпқа сәйкестік – 5 ұпай;
- идеяның мазмұны мен бірегейлігі – 5 ұпай;
- жұмыстың айқындығы мен мәнерлілігі – 5 ұпай;
- көрерменге тәрбиелік ықпал ету дәрежесі – 5 ұпай;
- орындалу сапасы – 5 ұпай;
- ұзақтығы бойынша талаптарды сақтау – 5 ұпай.

Ең жоғарғы баға – 30 ұпай.

2020 ж. 29 сәуіріне дейін сырттай кезеңнің қорытындысы шығарылады, жеңімпаздар қатарынан ректор грантына үміткерлерге шақырту жіберіледі. 2020-21 оқу жылындағы ректордың грантына үміткер емес 9-10 сынып оқушылары **2020 жылдың 6 мамыр айындағы** сырттай кезеңнің қорытындысы бойынша қатысушының грамоталарымен және сертификаттарымен марапатталады. Үздік бейнероликтер ЖОО-ның ресми сайттары мен парақшаларында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

12. Қашықтық кезеңі. Smart Fest 2020 жылдың 5 мамырында zoom.us платформасында өтеді. Координатормен алдын-ала келісілген уақытта байқауға қатысушы қазылар алқасымен бейнеконференцияға өтеді. Осы кезеңге қатысу үшін байқауға қатысушы дайындайтын ақпараттар: 1) өзін-өзі таныстыру (самопрезентация); 2) ұсынылған тақырып бойынша презентация; 3) Абайдың «Қара сөздерін» оқу және мазмұнын білу, Абайдың өмірлік және шығармашылық жолының кезеңдерін білу.

1) Байқауға қатысушының өзін-өзі таныстыруы. Өзін-өзі таныстыру Power point форматында жасалады және жұмыс үстелін көрсету (демонстрациялау) арқылы қазылар алқасына таныстырылады. Слайдтар байқауға қатысушының өзін-өзі таныстыруына арналуы тиіс, сондай-ақ оның оқу, зерттеу, спорттық, қоғамдық қызметіндегі негізгі жетістіктерін айқындауы шарт.

Слайдтар саны: 3–5. Регламент: 1–2 минут.

2) Абайдың идеялық мұрасын айқындайтын «Сен де – бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан»¹, атты презентациялар сайысы. Презентациялар Power

¹ «Сен де – бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан». Абай. Әсемпаз болма әрнеге Шығыс Қазақстан облысының 9-11 сынып оқушыларына арналған «Адам бол!» Smart Fest іс-шарасын өткізу туралы ереже (республикалық деңгейде қатысумен)

point форматында жасалады және жұмыс үстелін көрсету (демонстрациялау) арқылы қазылар алқасына таныстырылады. Презентацияны көрсету, оның қорғауымен сүйемелденеді. Слайдтар «ой, еңбек, биікке ұмтылу, азға қанағат, мейірімділік: бес асыл іс»², «Абай идеялары және тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері», «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді»³ тақырыптарының біріне арналуы тиіс.

Слайдтар саны: 8–10. Регламент: 2–3 минут.

Бағалау критерийлері:

- тақырыпқа сәйкестік – 5 ұпай;
- идеяның мазмұны мен бірегейлігі – 5 ұпай;
- ақпараттылық және өз позициясын көрсету – 5 ұпай;
- ресімдеу кезіндегі сауаттылық – 5 ұпай;
- орындау сапасы, презентациямен жұмыс істей білу (слайдтар ақпаратпен шамадан тыс жүктелмеуі керек, негізгі идеялар көрсетіліп және соған сай ресімделіп, безендірілуі тиіс) – 5 ұпай;
- ұзақтығы бойынша талаптарды сақтау – 5 ұпай.

Максималды баға: 30 ұпай.

3) Қазылар алқасымен әңгімелесу. Қазылар алқасымен сұхбат барысында байқауға қатысушы Абайдың өмірлік және шығармашылық жолы, «Қара сөздерінде» баяндалған этикалық тұжырымдамасына қатысты білімін көрсетуі тиіс.

Бағалау критерийлері:

- Абайдың өмірлік және шығармашылық жолын білу – 10 ұпай;
- Абайдың «Қара сөздерінде» баяндалған оның этикалық тұжырымдамасын білу – 10 ұпай;
- өз ойын логикалық дәйекті, сауатты баяндай білу – 10 ұпай;
- ұсынылған пікірлерді интерпретациялау (түсіндіре білу), олардың ішінде негізгілерін көрсете білу – 10 ұпай;
- коммуникативтік қабілеттер – 10 ұпай.

Максималды баға: 50 ұпай.

Максималды қорытынды баға: 110 ұпай.

6. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

13. Smart Fest жеңімпаздары грамоталармен марапатталады. Барлық Smart Fest-ке қатысушыларға сертификаттар, ал мұғалімдерге алғыс хаттар тапсырылады.

14. Қазылар алқасы Smart Fest жеңімпазын келесі шарттарды сақтаған жағдайда төрт жыл бойы тегін білім алуға құқық беретін ШҚМУ ректорының білім беру грантының иегері ретінде, жоғары оқу орнының Ғылыми Кеңесінің одан әрі бекітуіне ұсынады: 1) ҰБТ өту баллы; 2) оқуға түсу үшін ЖОО тізімінде бірінші болып ШҚМУ-ін көрсету; 3) ұсынылған тізбеден мамандық таңдау (Қосымша 2).

² Абай. Ғылым таппай мақтанба

³ Абай. Қара сөздер. 25 қара сөз

**Шығыс Қазақстан облысы мен Қазақстанның басқа да аймақтарының жалпы білім беру мекемелерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған «Smart Fest «Адам бол!» іс-шарасына қатысуға
Өтініш
(әр мектептен 3 оқушы қатыса алады)**

№	Қатысушының тегі, аты	Білім беру ұйымы	Сыныбы	Оқу тілі	Таңдау пәндері, таңдаған мамандығы (2-қосымшаны қараңыз)	Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты	Жетекшінің ұялы телефоны және электрондық поштасы	Байқауға қатысушының ұялы телефоны және электрондық поштасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								
2.								
3.								

Шығыс Қазақстан облысы мен Қазақстанның басқа да аймақтарының 9-11 сынып оқушыларына арналған «Smart Fest «Адам бол!» зияткерлік байқауы аясындағы ректор гранты берілетін ШҚМУ мамандықтары

6B02201 – Философия

6B03104 – Саясаттану

6B03102 – Мәдениеттану